

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы мен «PALMA TUR» ЖШС арасындағы ынтымақтастық туралы
М Е М О Р А Н Д У М

Жарғы негізінде әрекет ететін директор Сағадиев Ұлан Болатұлы тұлғасындағы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны бір тараптан және «PALMA TUR» ЖШС-ның директоры Шевченко Юлия Анатольевна, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталып, тараптардың өзара мүдделігін негізге ала отырып, мәдени мұраны зерделеу және танымал ету мақсатында ынтымақтастық туралы осы Меморандумға (бұдан әрі – «Меморандум») қол қойды:

1 бап

Осы Меморандумның мақсатын іске асыру үшін бір-бірімен мынадай бағыттар бойынша ынтымақтасуға келіседі:

- 1.1. ҚР қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін Тараптардың бірлескен жобаларына қатысу;
- 1.2. Абай облысының Семей қаласы, Абай және Мақаншы аудандарындағы музей қоса отырып, туристік маршруттарды ұйымдастыру бойынша өзара қызметтерді ұсыну;
- 1.3. Музей аумағында және оның филиалдарында, сондай-ақ Тараптар келіскен мәдени туризм маршруттарында топтарға экскурсиялық қызметтерді ұйымдастыру;
- 1.4. Тараптардың қолданыстағы ұлттық заңнамасында тыйым салынбаған ынтымақтастықтың басқа түрлерін пайдалану.

2 бап

Осы Меморандумға Тараптардың өзара келісімі бойынша, оның ажырамас бөлігі болатын қосымша келісімдерге қол қою арқылы, өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін және олар тиісті түрде рәсімделуі және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қоюы керек.

3 бап

Тараптар ынтымақтастықтың нақты мәдени бағдарламалары мен жобаларын іс жүзінде іске асыру, жекелеген екіжақты келісімдер негізінде жүзеге асырылады деп келісті.

4 бап

Осы Меморандумды орындауға немесе өзгертуге қатысты туындауы мүмкін барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі, егер келісімге қол жеткізілмесе, олар Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес қаралуға жатады.

5 бап

Осы Меморандумға өзгерістер Тараптардың келісімі бойынша жазбаша түрде енгізіледі.

6 бап

Осы Меморандум Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл ішінде қолданылады. Осы Меморандум, егер Тараптардың ешқайсысы Меморандумның қолданысын тоқтатқаны үшін, аяқталғанға дейін кемінде 6 (алты) ай бұрын айтпаса, меморандум келесі 5 (бес) жылға автоматты түрде ұзартылады.

7 бап

Келісім екі тарап үшін бірдей заңды күші бар қазақ және орыс тілдерінде 2 (екі) данада жасалды.

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігі
Мәдениет комитетінің
«Абайдың «Жидебай-Бөрілі»
мемлекеттік тарихи-мәдени және
әдеби-мемориалдық музей қорығы»
республикалық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны
Директор
Сағадиев Ұлан Болатұлы

Күні: «19» 12 2021 ж.

Мекен-жайы: Абай облысы, Семей
қ., Қ.Мұхамедханов көшесі, 29 үй
БСН 980440001649
Тел.: 8-7222-32-17-01
e-mail: abai-museum@mail.ru

«PALMA TUR» ЖШС

Директор
Шевченко Юлия Анатольевна

Күні: «19» 12 2021 ж.

Мекен-жайы: Абай облысы,
Семей қ., Шакарим даңғылы, 54
БСН: 100240000979
Тел: 877222354444, 877773667905
e-mail: palma-tur@mail.ru